ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 16
тел: 26-21-44, факс: 27-76-76
E-mail: Gorakimat_kz@ list.ru, info@gor.orda.gov.kz

120014, город Кызылорда, улица Ы.Жахаева 16
тел: 26-21-44, факс: 27-76-76
E-mail: Gorakimat_kz@ list.ru, info@gor.orda.gov.kz

26.04.2015 № 02/1-31/1270

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»
АҚ Басқарма төрағасы
Қ. Бишімбаевқа

Құрметті Қуандық Уалиханұлы!

Мемлекеттік саясаттың басым бағыты, Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларының өзегі ретінде халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бағытында Қызылорда қаласында көппәтерлі тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп келеді. Сәйкесінше халық санының артуымен баспанаға сұраныс пен қажеттілік те артуда. Бұл ретте, бюджет қаржатынан бөлек, жеке кәсіпкерлердің инвестиция салуы есебінен көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысын пайдалануға беру үрдісі қалыптасуда.

2014 жылы осы бастаманы «Мұнайқұрылыс» КҚФ ЖШС қолдап, өз қаражаты есебінен Қызылорда қаласы, Белкөл кентінде 36 пәтерлік үй құрылысын бітірген болатын. Аталған үйді ипотекалық несиелеу жолымен сату үшін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалы және «Мұнайқұрылыс» КҚФ ЖШС 2014 жылғы 26 мамырда тұрғын үй құрылысы мен сату жөніндегі өзара ынтымақтастық Келісіміне қол қойылды. Алайда, банк ережелеріне енгізілген өзгерістерге сәйкес сатып алушылар алғашқы жарна ретінде пәтер құнының 25 пайызын жинақтауы тиіс. Сатып алуға ниет білдірген азаматтардың бұл талаптарды орындауға қаржылық мүмкіндіктері болмауы (пәтер құнының 25 пайызын бірден төлеу мүмкіндігі) жеке кәсіпкер есебінен салынып, дайын тұрған көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға беруге кедергі келтіріп отыр.

Өз кезегінде сатып алуға ниет білдірген азаматтар Белкөл кентінде бюджеттік салада жұмыс жасайтынын және баспанаға мұқтаж ретінде жергілікті атқарушы органның арнайы есебіне алынғанын атап өткен жөн.

Жоғарыда аталған мәселенің әлеуметтік-саяси маңыздылығын ескере отырып, «Мұнайқұрылыс» КҚФ ЖШС есебінен жүргізілген көппәтерлі үйді сатып алу мақсатында қаражат бөлуге ықпал жасауыңызды сұраймыз. Бұл жергілікті кәсіпкерлерді қолдаудың тиімді тетігі, әрі бұл бағытта өзге де кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді деп санаймыз.

Құрметпен, **Н. Нәлібаев**

000268